

Серікбаева Қ.Қ., Байгунова Д.М.,* Байсымақова А.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАДА САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МҰРАСЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ МЕН ЗАМАНАУИ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Автор корреспондент: baygunova77@mail.ru

Түйін: Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыштардың жиынтығы. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады. Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық — өнеге тәжірибесін құраған.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазіргі кезеңдегі әлемдік жаһандану жағдайында заман ағымына икемделуді, жаңа дәуірдің озық үлгілерін бойымызға сіңіруді, ұлттық кодымызды сақтауды міндеттеді. Осы міндеттерді орындау аясында еліміздегі алдыңғы қатарлы оқу орындары Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру ұстанымын алға тарта отырып оқу-тәрбие үрдісінде халықтық салт-дәстүрлер негізінде қазіргі жаңаша технологияларды ұштастыра қазіргі жастарға білім беруді қолданып жүр.

Кілттік сөздер: Салт, дәстүр, ұлт, рух, ұлттық құндылықтар, дүниетаным, ұлттық идея, мәдениет, этнопедагогика, тұлға, тәрбие.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазіргі кезеңдегі әлемдік жаһандану жағдайында заман ағымына икемделуді, жаңа дәуірдің озық үлгілерін бойымызға сіңіруді, ұлттық кодымызды сақтауды міндеттеді.

Ақиқатында этносты (халықты) анықтаушы бір белгі, ол – этникалық мәдениет. Сол мәдениетке халықтың тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, музыкасы, өнері, т.б. кіреді. Бұлар ұлттық кодтың элементтері. Олай болса, ұлттықтүп-тамырымызды, ұлттық құндылықтарымыздың бірі – ата-бабамыздан келе жатқан дәстүріміздің озық үлгілерін атадан балаға мирас етіп жеткізу керек. Дәстүр – ұлтқарухберіп, оныңішкі, сыртқыкелбетін өрнектеп көрсетіп тұратын сипаттардың бірі. Дәстүр – адамдардың ғасырлар бойы қалыптастырған құндылығы, әлеуметтік-мәдени мұрасы. Академик А.К.Конның этикалық сөздігінде «әдет-ғұрыпдегеніміз – белгілі бір қоғамда немесе ұжымда белгілі бір тарихи жағдайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық тәртіптің түрі» деп көрсеткен. Дәстүріміз бұзылса, онда қоғамның тарихи дамуының сабақтастығыда бұзылады. Әрине, дәстүр қатып қалған өзгеріске түспейтін құбылыс емес. Ол заманның ағымына қарай негізін сақтай отырып, толығып, өзгеріске ұшырап отырады. Ұлттық кодымызды сақтау үшін дәстүрдің озық үлгілерін насихаттап, ұлттық тәрбиеміздің іргетасы етіп тұрақтандырумыз керек. Қазақ тұрмысында ұрпақты қоғамға, отбасына бейімдеп, адамгершілікке, отансүйгіштікке, ержүректілікке, имандылыққа тәрбиелейтін әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз жеткілікті.

Ерте кезеңнен ақ ата-бабаларымыз бала, ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөліп, оларды үлкенге тағзым, кішіге ілтипат етіп, бауырмалдыққа, мейірімділікке, ізеттілікке баулыған. Қазақ халқының әліде түпқазығын сақтап отырған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің қай қайсысы болмасын, оныңдамуында, қалыптасуында негізгі идеологияның бірі болып табылады. Сондықтанда ата-бабаларымыздың өмір тәжірибесімен қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді ұлттық кодымыздың анықтаушы бір элементі ретінде қоғамдық, отбасылық іс-әрекетімізде, тұрмыс-салтымызда ұстануымыз керек. Себебі, ұлттық әдет ғұрып, салт дәстүрлер арқылы – қазақ халқының өзіндік дәстүрлерін бойына сіңіре білетін, салт-дәстүрлерімізді ұғына білетін, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра

білетін, ұлттық рухпен қаруланған тұлғаны қалыптастыруға мүмкіншілік аламыз. Халқымыздың тәрбиенегізі, асыл қазынасы – салт-дәстүрлерді дұрыс жеткізе білсек, ұлтжанды азаматтық алып тастырдық деп, нықайтуға болады.

Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік сұранысының негізі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекет түрлері арқылы іске асады. «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтанда, сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, ұлтшылдықпен отаншылдық қабаулып, өзхалқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет болып отыр. Қандайда бірелдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері тәрбиесінен көрінуі арқылы оның ұлттық құндылықтарының мәніне ие болады және өскелең ұрпақтың азаматтығы мен отаншылдықты, рухани-адамгершілік жан-дүниесі қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандайда бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтанда әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моральдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымды құлағат ғасырлар бойышыңдалып қалыптасты. Солсан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп білемін. Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата – бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күнталабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтармен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлт жанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлермен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Бүгінгі жасұрпақты балашақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін танытады.

Сол себептенде Елбасы өзінің мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тілімізбен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгік алуы тиіс» – деп ой қорытады. Бүгінгі күнтұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жасұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сезіммен ұлттық намыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білемін. Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бет бұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзатты кигіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен

ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау басты міндетіміз. Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Осы ұлттық идеяны іске асыратын басты фактор мемлекет болып табылады. Сондықтан да осы мемлекеттік іске салғырт қарамай ұлттық идеяның негізгі бағыттарының тетіктерін жасау қажет. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі.

Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады.

Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық — өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы — мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі.

Қазіргі таңда салт дәстүр мәселесі алғашқы орындарды тіреп тұр. Қазақ халқында көптеген салт дәстүрлер мен ырымдар бар. Ата баба өсиеті болып келе жатқан салт дәстүрлердің өзіндік ерекшеліктері болса, ырым жырымдар арнайы тыйымдар үшін қолданылған. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінезқұлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады. Балалар мен жастарды әлеуметтендіру мәселелеріндегі қауіптер мен тәуекелдер ең алдымен ғаламданудың дәстүрлі құндылықтар жүйесіне тигізер қысымымен байланысты. Ашық әлем жағдайында бұқаралық мәдениетті үстемелей, орынсыз пайдалану жалпыадамзаттық, сол сияқты ұлттық құндылықтардың бұзылуына әкеледі.

Барлық қазақстандықтар үшін ең ұлы құндылық, елдің әрбір азаматының оны көзінің қарашығындай сақтаудағы борышы және намысы – тәуелсіздік. «Тәуелсіздік» түсінігінің дәл мағынасы толық автономиялықты және өркениеттің өз ұлттық факторларының көмегімен дербес даму қабілетін білдіреді.

Қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын өз ұлтының нағыз патриоты болу дегеніміз бір ұлттың екінші ұлттан үстемдігінің көрсеткіші ретінде емес, өз ұлтының қазақстандық, адамдық өркениеттің ортақ процесіне қосқан үлесі ретінде қарастырылады. Елбасының этносаралық және конфессияаралық келісімінің бірегей үлгісі жас ұрпақтың толеранттылығын қалыптастыруда, оның этникалық және діни айырмашылықтарды түсінуі мен құрметпен қабылдауына негіз болуы тиіс. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтып өткендей, толеранттылық Қазақстан халқының ұлттық құндылығы әрі байлығы болып табылады. Ол қазақ халқының бірнеше ғасырлық дәстүрі мен мәдени нормалары негізінде қалыптасты. «Ел-жұрт», «Жеті ата», «Қонақ жайлылық», «Асар», «Сыйластық», «Сабырлылық» сынды түсініктер қазақтардың дүниетанымдары мен өмірлік салт-дәстүрі негізінде қалыптасқан. Осындай құндылықтардың арқасында біздің ортақ үйімізде бейбітшілік пен тыныштық сақталған. Сондықтан да, толеранттылықты қалыптастыратын

өзіндік әлеуметтік-мәдени нормаларда қазақтардың салт-дәстүрін, жалпы адамзаттық маңыздағы материалдық емес мәдени мұраның элементі ретінде қарастыру қажет. Тұрақтылық – Қазақстан жетістігінің негізі және дамуының басты нәтижелерінің бірі. Елдегі көпэтникалы және көпконфессиялы халықтың бірлігі – толық құндылық және барлық ұрпақтың міндеті – елдің өркендеуі үшін осы құндылықты сақтау және көбейту.

Ана тілі – халықтың ғасырлар бойы жиған өмірлік тәжірибесін жеткізудің табиғи тетігі, тұлға үшін халықтың көпғасырлық даналығына, оның мәдениеті мен болмыс бейнесіне қосылудың бірден бір жолы. Ұлттық тіл – адамзат өркениетінде әлемді түсіну мен әлемді сезіну ерекшеліктерін, өмір сүру және мәдениет, адамгершілік және эстетикалық құндылықтар бейнесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің негізгі жолы.

Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Біздің қоғамда әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне-бірі нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек». Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуінде әр халықтың және бүкіл адамзаттың рухани және материалдық өмір саласындағы байлығы – этникалық мәдениет сарқылмайтын мүмкіндіктерге ие. Осындай ұлттық құндылықтар жүйесіне этнопедагогикалық құндылықтар – халықтың ұлттық мәдениеті, тарихы, тілі, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары негізінде тәрбиелеу мен оқытудың этникалық ерекшеліктерін реттейтін, сол сияқты этникалық топтарды сақтау және дамыту мақсатында ұрпақтар арасында сабақтастық буын қызметін атқаратын материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы жатады. Этнопедагогикалық құндылықтар этникалық топтардың дамуы процесінде қалыптасады, этнос нысанының зердесінде сақталады, ұрпақтар сабақтастығының көмегімен тасымалданады. Этнопедагогикалық құндылықтар жүйесінде тіл, тарих, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар және фольклор мен мәдениеттің басқа элементтері ерекшеленеді. «Этнопедагогикалық құндылықтар» түсінігінде этномәдени құндылықтар бар. Алайда, құндылықтар иерархиясына сәйкес «ұлттық», соның ішінде этномәдени түсініктер педагогикалық мәні жағынан ерекшеленетін «этнопедагогикалық құндылықтар» түсінігінен бір саты жоғары тұрады. Мысалы, қазақ халқы баланың еңбекке ұмтылысын мадақтау арқылы ынталандырған. Ересектер баланың өздігімен атқарған алғашқы еңбегіне назар

Дәстүрлер – қоғамда немесе жекелеген топтарда ұзақ уақыт аралығында сақталған, тарихи қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа берілетін әдет-ғұрыптар, мінез-құлық нормалары, салттар, қоғамдық нұсқамалар, мұраттар мен құндылықтар, әлеуметтік-мәдени мұра элементтері. «Дәстүр» түсінігі моральдық бастаулармен тығыз байланысты. Қоғам үнемі өз азаматтарының алдына дәстүрлерді сақтау талаптарын қояды. Бұл оларды адамдар арасындағы, сондай-ақ халықтар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты өмірлік ережелермен берік етеді. Ұлттық дәстүрлер ең алдымен, халықтың қоғамдық өміріне қатысты және негізінен өз елінің ауқымында бірдей байқалатын барынша терең қасиеттерді көрсетеді. Ұлттық әдет-ғұрыптар ең алдымен осы халыққа тән отбасылық тәртіпті ерекшеліктерді білдіреді. Отбасы барлық адамзаттың басты құндылығы болып табылады. Әрбір адамның өмірдегі жолы отбасынан басталады және отбасы тұлға қалыптасуы мен дамуына баға жетпес ықпал етеді. Отбасының негізгі міндеті - тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру. Отбасы аясында этникалық дәстүрлер мен рухани құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Отбасында қаланған адамгершілік адамның өмір бойы серігі, сондай-ақ қоғамдағы мінез-құлықтың бағдары болады. Махаббат, бала тәрбиесіндегі қажеттілік, жауапкершілік, туралық, адалдық, отбасы алдындағы борыш сезімі сияқты адамгершілік-эстетикалық қасиеттер отбасында қаланады және берік отбасын құрудың негізі қызметін атқарады. Тәрбие жүйесін жаңғыртуды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға сүйене отырып жүргізу керек. Білім беру саласында жастар алған білімдерін адамзат игілігіне пайдалануға мүмкіндік беретін білім ғана емес, сонымен қатар ғасырлар бойы жинақталған жалпыадамзаттық және халық

даналығын ұрпақтан ұрпаққа беруі тиіс.

Қазіргі оқу орындары мен педагогикалық ұжымдар ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар мыналар: дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л.Занков, Д.Эльконин, В.Давыдов, В.Репин, В.Левин); оза отырып оқыту (С.Лысенкова); іс-әрекетті бағалау (Ш.Амонашвили, И.Волков); тірек және тірек конспектілері арқылы оқыту (В.Шаталов); саралап оқыту; шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі; деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту; жобалап оқыту технологиясы. Алдымен, халықтық педагогиканы іс-әрекетте пайдаланып, адамгершілік сипат пен мінез-құлықты жастар арасында жаңартудың басты қағидалары: жеке тұлғалар арқылы қоғамды дамыту, демократияландыру, ізгілендіру.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Ш.Қаланованың, Ж.Қараевтың, Ш.Таубаеваның, Қ.Қабдықайыровтың, С.Лактионованың, М.Жанпейісованың, Ә.Жүнісбек пен Қ.Нағымжанованың, С.Көшімбетованың, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады.

Тәрбие жүйесін жаңартудың негізгі талаптары – білім берудің заманауи жағдайларында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым және практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуына, дамуы мен кәсіби тұрғыдан кемелденуі үшін білім алуға қажетті міндеттерін толық көрсететін, қоршаған әлемді, өз тұлғасының әлемін тануға, саналы түрде өзіндік тануы мен өзіндік басқару біліктерін игеруге және дамытуға қабілетті тұлға қалыптастыру. Заманауи жағдайларда рухани-адамгершілік тәрбиені енгізу проблемаларына көп көңіл бөлінуде. Рухани-адамгершілік тәрбие тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзіндік сана арқылы өтеді. Адамзаттық құндылықтардың барлығы әр жас кезеңінде: мектепалды, мектеп, колледж, жоғары оқу орны ұлғайып жатқан шеңбер принципі бойынша оқыту мазмұны болады. Оқытудың әр жас кезеңінде «адам-әлем» ара қатынасының мәнін ашатын бірнеше проблемалық түйіндерді көрсетуге болады, олар қалпына келеді және әр жолы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңарып отырады. Қандай да бір құндылық, егер оны тұлға сезінген және бағалаған нысандарды ұйымдастыру және іріктеу бойынша қажеттілік туындаған жағдайда мақсатты қызмет жүзеге асырылады және тұлға қажеттілігінің нысаны болады. Салт-дәстүрлер мұрасының рухани құндылығы мен заманауи қажеттілігі жалпыадамзаттық құндылықтарды іске қосудың әлеуметтік ұйымдасқан процесі ретінде қарастырылуы мүмкін. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізіндегі тәрбие жүйесі үнемі жетілдірілуде, жаңартылуда. Еліміздегі алдыңғы қатарлы оқу орындары Елбасының Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру ұстанымын алға тарта отырып оқу-тәрбие үрдісінде халықтық салт-дәстүрлер негізінде қазіргі жаңаша технологияларды ұштастыра қазіргі жастарға білім беруді қолданып жүр.

Әдебиеттер тізімі

1. Қисымова А. Қ. Қазақтың халықтық педагогикасы арқылы оқушыларға адамгершілік тәрбие беру. Пед.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1994. – 150б
2. Сәдірмекова Ж. Б. Жеткіншектерді халықтық педагогика арқылы адамгершілікке

тәрбиелеу. Пед.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1994. – 150 б.

3. Сқақова Р. Ә. Тұрмыс-салт жырлары негізінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу. – Пед.ғыл.канд. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 29 б

4. Төлеубекова Р. К. Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану. Пед.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1993. – 150 б.

5. Төлєнова Ұ. Т. Балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойындар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. – Пед.ғыл.канд. дисс. автореф. – Атырау, 2002. – 28б

6. Жарықбаев Қ. Әдеп және жантану. Ұлттық тәлім-тәрбие хрестоматиясы. Алматы, 1996. – 225 б.

7.Төлегєнова А.Б.Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу

8. Молодой ученый -2015 №7,2 64-65б

9.Әдеп және дінтану (хрестоматия) Алматы 1996

Аннотация: Традиции-это совокупность обычаев, создаваемых самой жизнью, формировавшихся на протяжении веков в соответствии с верой и верой, бытом народа, особенностями национального строя. В повседневном употреблении одна культурная группа относится к общепринятым правилам поведения или терминам, регулирующим социальные действия, которые лишают другую и регулируют неформальным путем. Традиции для жизни нации, общества, основываясь на закон, сознание, традиции, воспитание, правила жизни, как духовное богатство страны коллективному интеллекту родить — пример опыта составил.

В своей статье «ориентир в будущее: модернизация общественного сознания» Глава государства поставил задачу в условиях мировой глобализации на современном этапе адаптировать к течению времени, привить передовые модели нового времени, сохранить национальный код. В рамках выполнения этих задач передовые учебные заведения страны используют современные технологии обучения современной молодежи на основе народных традиций и обычаев в учебно-воспитательном процессе.

Abstract: Traditions are a set of customs created by life itself, formed over the centuries in accordance with faith and belief, the life of the people, the peculiarities of the national system. In everyday usage, one cultural group refers to generally accepted rules of conduct or terms governing social actions that deprive the other and regulate in an informal way. Traditions for the life of the nation, society, based on the law, consciousness, tradition, education, rules of life, as the spiritual wealth of the country's collective intelligence to give birth-an example of the experience made up.

In his article "a guide to the future: modernization of public consciousness" the Head of state set the task in the conditions of world globalization at the present stage to adapt to the flow of time, to instill advanced models of the new time, to preserve the national code.